2010 жылы ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС (бұдан әрі – Қазгермұнай, ҚГМ), «Қаражанбасмұнай» АҚ (бұдан әрі – Қаражанбасмұнай, ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (бұдан әрі – ПҚИ) компанияларындағы үлестерді есептегенде, 13 285 мың тонна (тәулігіне 270 мың баррель) мұнай өндірді. Шоғырландырылған өндіру көлемі, негізінен, 2009 жылдың

¹ Сомалар АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп, пайдалар мен шығындар туралы жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы (2010 жылы 147,35 теңге/ АҚШ долл., 2009 жылы 147,50 теңге/АҚШ долл., кезең соңында бағам: 2010 жылы 147,40 теңге/АҚШ долл., 2009 жылы 148,36 теңге/АҚШ долл.) бойынша және жиынтық баланстар үшін кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

желтоқсанындағы ПҚИ-дың 33 % үлесін сатып алуға байланысты 2009 жылмен салыстырғанда 16 %-ға артты.

«Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары (ӨФ) 2010 жылдың 12 айында 8 766 мың тонна (тәулігіне 177 мың баррель) өндірді, бұл 2009 жылдағыдан 196 мың тоннаға (тәулігіне 4 мың баррель) немесе 2 %-ға аз. Бұл ретте «Ембімұнайгаз» ӨФ өндірістік жоспарды 1%-ға асыра орындады, ал «Өзенмұнайгаз» ӨФ жоспарланған мұнай өндіру көлемін 1 %-ға аз орындады. Өндіру көлемінің азаюына 2010 жылдың 4-18 наурыз аралығында «Өзенмұнайгаз» ӨФ-да болған наразылық акциясы кезінде ұңғымалар қорына қызмет көрсету режимінің бұзылуы, мұнай кәсіпшілігі қондырғыларына дер кезінде жөндеу жұмыстарының жүргізілмеуі, сондай-ақ 2010 жылдың маусым-қыркүйек айлары аралығында орын алған ауа-райының қолайсыздығына байланысты кен орындарында электр қуатын шектеу және апатты жағдайда сөну жағдайлары әсер етті.

CCEL, ҚГМ және ПҚИ компанияларындағы үлесті есептемегенде, Компанияның экспорттық және ішкі сатулар көлемі 6 860 мың тонна (тәулігіне 138 мың баррель) және тиісінше 1 783 мың тонна (тәулігіне 36 мың баррель) құрады.

CCEL, ҚГМ және ПҚИ компанияларының өндіру көлеміндегі ҚМГ БӨ үлесі 4 519² мың тонна (тәулігіне 93 мың баррель) құрады.

CCEL, ҚГМ және ПҚИ компанияларының сату көлемдеріндегі ҚМГ БӨ үлесі сыртқа сатылған 3 801² мың тонна (тәулігіне 78 мың баррель) мұнайды қосқанда, 5 004² мың тонна (тәулігіне 103 мың баррель) мұнайды құрады, бұл жалпы компаниялардың сату көлемінің 76 %-ын құрайды.

Салық төлеуден кейінгі пайда

Салық төлеуден кейінгі пайда 2010 жылдың 12 айында 234,5 млрд. теңгені (1 591 млн. АҚШ доллары) құрап, 2009 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12 %-ға артты. Бұл өсім мұнай бағасының 28 %-ға қымбаттауына және бірлесіп-бақыланатын және қауымдасқан кәсіпорындардағы ҚМГ БӨ қатысу үлесінен түскен кіріске байланысты болды. Пайданың артуы 2009 жылы орын алған және 2010 жылы қайталанбаған теңгенің құнсыздануы нәтижесінде алынған 89,5 млрд. теңге көлеміндегі бағамдық айырмашылықтан түскен кіріспен ішінара өтелді. Бағамдық айырмашылықтың әсерін есептемегенде, Компанияның таза пайдасы 2009 жылмен салыстырғанда 72 %-ға өсті.

Түсім

2010 жылы ҚМГ БӨ түсімі 2009 жылмен салыстырғанда 25 %-ға артты және 609,2 млрд. теңге (4 135 млн. АҚШ доллары) құрады. Бұл арту орташа мұнай сату бағасының 30 %-ға – тоннасына 53 082 теңгеден (барреліне 49,78 АҚШ долларынан) 69 101 теңгеге (барреліне 64,86 АҚШ доллары) дейін қымбаттауына байланысты болды және сату көлемінің 3 %-ға төмендеуімен ішінара өтелді.

Операциялық шығындар

Операциялық шығындар 2009 жылдағы 330,6 млрд. теңгемен (2 241 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2010 жылы 422,5 млрд. теңгені (2 867 млн. АҚШ доллары) құрады (өсім 28%). Операциялық шығындардың артуына мұнай бағасының қымбаттауы нәтижесінде ренталық салық пен пайдалы қазбаларды өндіру салығын (ПҚӨС) төлеу шығындарының

² «Торғай-Петролеум» АҚ 2010 жылдың 12 айындағы операциялық нәтижелеріндегі ПҚИ-дың 50 % үлесін қосқанда

артуы, сондай-ақ 2010 жылдың 16 тамызында енгізілген экспорттық кедендік баж салығының шығындары себеп болды.

Салықтар мен экспорттық кедендік баж салығын есептемегенде, операциялық шығындар есепті кезеңде 2009 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15 %-ға артты. Бұл негізінен жалақы төлеу, жөндеу, қызмет көрсету және тасымалдау, ескіру, амортизация және басқа да шығындардың артуы есебінен болды. 2010 жылдың 1-қаңтарындағы жылдық индексация, сондай-ақ 2010 жылдың 1-маусымында Компанияның өндірістік филиалдары қызметкерлерінің жалақысын өсіру нәтижесінде қызметкерлерге төлем жасау шығындары артты. Жөндеу және қызмет көрсету шығындарының артуы 2010 жылы жөндеуден өткен ұнғымалар санының артуына және ұнғыманы жөндеу құнының қымбаттауына байланысты болды. Тасымалдау шығындарының артуына негізінен КҚК мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдау көлемінің артуына және «Транснефть» компаниясының Ресей Федерациясының аумағы бойынша тасымалдау қызметінің 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10 %-ға қымбаттауы себеп болды. Операциялық шығындардың артуы айыппұлдардың азаюымен ішінара өтелді («Айыппұлдар мен өсімпұлдар» бөлімін қараңыз).

Ақша ағымдары

2010 жылы операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары 115,7 млрд. теңге (785 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2009 жылдағыдан 22 %-ға аз. Бұл азаю 2009 жылы орын алған және 2010 жылы қайталанбаған теңгенің құнсыздануы нәтижесінде бағамдық айырмашылықтан түскен (ішінара операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары ретінде танылған) айтарлықтай кіріске байланысты болды.

Күрделі салымдар

Күрделі салымдар (ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке сәйкес, материалдық емес активтерді сатып алу шығындарын есептемегенде) 2010 жылы 86,7 млрд. теңге (588 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2009 жылғы күрделі салымдардан 2 есеге көп. Күрделі салымдардың артуы, негізінен, эксплуатациялық бұрғылау көлемінің 2009 жылы 95 ұнғымадан 2010 жылы 215 ұнғымаға дейін және іздеу-барлау бұрғылау жұмыстарының 2009 жылы 4 ұнғымадан 2010 жылы 8 ұнғымаға дейін артуына байланысты болды.

Геологиялық барлау жұмыстары

2010 жылдың үшінші тоқсанында Лиман блогында Оңтүстік-Шығыс Новобогат құрылымындағы ұнғыманы іздеу-барлау бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде мұнай шоғыры ашылды. Қазіргі таңда тұзүсті барлау ұнғымасын сынау жұмыстары жалғасуда. Мұнай шоғыры Новобогатинск тұзды күмбезінің оңтүстік бөктерінен табылды және Атырау қаласының батысына қарай 70 шақырым жердегі «Ембімұнайгаз» ӨФ игеріп жатқан Новобогатинск мұнай кенорнына жақын орналасқан. Компанияның жұмыс бағдарламасы бойынша 2011 жылы коммерциялық қорларды бағалау және тыңғылықты талдау жоспарланып отыр.

Р-9 блогы бойынша 2010 жылы Құлсары С3 және Қойқара құрылымдарында тереңдігі 1 600 м және 1 850 м келетін 2 іздеу-барлау ұнғымасы бұрғыланды. Ұнғымалар геологиялық себептерге байланысты жойылды. Одан бөлек, Р-9 блогында 400 шаршы шақырым көлемдегі 3Д және 40 погонды шақырым көлемдегі 2Д далалық сейсmobарлау жұмыстары аяқталды. Өңдеу нәтижесінде 2011-2012 жылдары іздеу-барлау ұнғымаларын орнату үшін Р-9 блогында тұзүсті бөлігіндегі перспективалық құрылымдар бойынша ұсыныстар алынды.

С.Нұржанов кенорнында 2010 жылы жалпы жобалық тереңдігі 9000 м болатын үш барлау ұнғымасына бұрғылау жүргізілді. Іздеу-барлау ұнғымаларының шығындары 2009 жылдағы 2

млрд. теңгемен (14 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2010 жылы 3,7 млрд. теңге (25 млн. АҚШ доллары) құрады.

Ақша қаражаттары және займдар

2010 жылдың 31 желтоқсаны күнгі жағдай бойынша ақша қаражаттарының және олардың баламаларының сомасы 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы 107,6 млрд. теңгемен (725 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 98,5 млрд. теңге (668 млн. АҚШ доллары) құрады.

Басқа қаржы активтерінің сомасы 2009 жылдың 31 желтоқсаны күнгі жағдай бойынша 535,1 млрд. теңгемен (3 607 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2010 жылдың 31 желтоқсанында 599,6 млрд. теңге (4 068 млрд. АҚШ доллары) құрады. Басқа қаржылық құралдар «ҚазМұнайгаз» Ұлттық компаниясы шығарған қарыз құралын (бұдан әрі -Облигация), депозиттер мен басқа да қаржы құралдарын қамтиды.

2010 жылдың 16 шілдесінде Компания бұған дейін таратылған ақпаратқа сәйкес 2013 жылдың маусымына дейінгі айналым мерзімімен 7 % жылдық купонмен жалпы сомасы 220 млрд. теңгеге (1,5 млрд. АҚШ доллары) ҚМГ ҰК облигацияларын сатып алды. 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есептелген ҚМГ ҰК облигацияларынан есептелген пайыздық кіріс 7,1 млрд. теңге (48 млн. АҚШ доллары) құрады.

2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен депозиттердің (Облигацияны қосқанда) 81 %-ы АҚШ долларында, ал 19 %-ы теңгеде қайта номинацияланды. Екі банк – Халық банкі мен Казкоммерцбанктегі ақша қаражаттары мен қаржы құралдарының үлесі 2009 жылдың соңындағы 75%-бен салыстырғанда, 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шамамен 22 %-ды құрады. 2010 жылы қабылданған ҚМГ БӨ қазынашылығының ақша қаражаттарын орналастыру туралы саясатының өзгерістеріне сәйкес, Халық банкі мен Казкоммерцбанктегі ақша қаражаттары мен қаржы құралдарының мөлшері біртіндеп азайып келеді және 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша 151,6 млрд. теңге (1 млрд. АҚШ доллары) құрады. Есепті кезеңде депозиттерден есептелген пайыздық кірістің сомасы 27,6 млрд. теңге (187 млн. АҚШ доллары) құрады.

2010 жылдың 31 желтоқсанындағы займдар сомасы 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 137,7 млрд. теңгемен (928 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 122,5 млрд. теңгені (831 млн. АҚШ доллары) құрады. Займдар сомасы ПҚИ-дегі 33 % үлесін сатып алу нәтижесінде ҚМГ ПҚИ Қаржы Б.В. компаниясы өз мойнына алған ҚМГ БӨ активтеріне регресс құқығынсыз тартылған 114,3 млрд. теңге (776 млн. АҚШ доллары) сомасындағы ҚМГ ПҚИ Қаржы Б.В. компаниясының қарызын қамтиды.

Ақша қаражаттарының таза сомасы³ 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы 505 млрд. теңгемен (3 404 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2010 жылдың 31 желтоқсанында 575,7 млрд. теңге (3 905 млн. АҚШ доллары) құрады.

Айыппұлдар мен өсімпұлдар

Салық аудиті

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Компанияның 2004 және 2005 жылдардағы қызметіне салықтық тексеру жүргізді. 2007 жылы басталып, 2009 жылдың тамызында аяқталған тексерудің нәтижесінде салық органы 32 млрд. теңге (217 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде қосымша төлемдер сомасын есептеді.

³ Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша займдарды шегеріп тастағанда ақша қаражаттары, олардың баламалары және басқа да қаржы активтердің (Облигацияны қосқанда) сомасы ретінде есептеледі

Компания Қазақстанның Жоғарғы Сотында аталған салықтық тексерулердің қорытындыларына апелляциялық шағымдану үстінде. 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, бұған дейін төленген сомалардан бөлек, Компания 2006 жылдан 2010 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезең үшін салықтық тексерулердің қорытындылары қатысы жоқ 5,9 млрд. теңге (40 млн. АҚШ доллары) есептеді (толығырақ Компанияның 2010 жылдың 9 айындағы қаржылық нәтижелері туралы баспасөз мәлімдемесін қараңыз).

Кедендік баж салығы жөнінде хабарлама

2009 жылдың 18 тамызында Қазақстан Республикасының кеден комитеті Компанияға түгелдей төленбеген экспорттық кедендік баж салығы үшін (15,3 млрд. теңге сомасындағы негізгі қарызды және 2,3 млрд. теңге сомасында дер кезінде төленбегені үшін пайызды қосқанда) 17,6 млрд. теңге (119 млн. АҚШ доллары) сомасында хабарлама жолдады. Компания Қазақстанның Жоғарғы сотына шағымдануды жоспарлап отыр. Компания басшылығы ақыр соңында бұл мәселенің Компания пайдасына шешіледі деп пайымдайды, сондықтан 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша топтастырылған қаржылық есепте аталған сомаларды есептемеді (толығырақ Компанияның 2010 жылдың 9 айындағы қаржылық нәтижелері туралы баспасөз мәлімдемесін қараңыз).

Стратегиялық сатып алулардың үлесі

2010 жылдың қорытындысы бойынша қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 2009 жылдағы 2,5 млрд. теңге (17 млн. АҚШ доллары) көлеміндегі шығынмен салыстырғанда, 56,6 млрд. теңгені (384 млн. АҚШ доллары) құрады.

Қазгермұнай

2010 жылы ҚМГ БӨ Қазгермұнай компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 22,6 млрд. теңге (153 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома Компанияның ҚГМ-нің 3,2 млрд. теңге (22 млн. АҚШ доллары) сомасына табыс салығының кейінге шегерілген амортизациясы мен 10,2 млрд. теңге (69 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының асып кету амортизациясының әсерін шегеріп тастағанда, 4,4 млрд. теңге (30 млн. АҚШ доллары) сомасындағы табысқа салынған кейінге шегерілген салық бойынша активтерді қайта бағалау және 31,6 млрд. теңге (214 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі таза табысындағы 50 %-дық үлесін көрсетеді. Негізінен ҚГМ-дың қаржылық нәтижелеріне 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы мұнай бағасының айтарлықтай қымбаттағаны әсер етті. ҚГМ-дың 2010 жылдың үшінші тоқсанымен салыстырғанда, төртінші тоқсанында таза пайдасының төмендеуіне 2010 жыл үшін түзетілген үстеме табыс салығының есептелуі себеп болды.

2010 жылы Компания ҚГМ-дан 47,8 млрд. теңге (325 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде дивиденд алды. Соның нәтижесінде сатып алғаннан бері Компания алған дивидендтердің жалпы сомасы 975 млн. АҚШ долларын құрады, бұл сома 971 млн. АҚШ доллары көлеміндегі сатып алу құнынан асып түседі.

ПетроҚазақстан Инк.

2010 жылы ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясындағы өзінің қатысу үлесінен 34,2 млрд. теңге (232 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома 13,5 млрд. млрд. теңге (92 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының асып кету амортизациясының әсерін және 4,3 млрд. теңге (29 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі ПҚИ тауарлы-материалдық қорлары әділ құнына бір реттік түзетуді алып

тастағандағы 38,8 млрд. теңге (263 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі ПҚИ таза пайдасындағы Компанияның 33 %-дық үлесін және 13,2 млрд. теңге (90 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі «Торғай-Петролеум» АҚ (бұдан әрі – ТП) 50 % үлесін сатып алудан түскен кірістің 33 %-ын білдіреді.

Есепті кезеңнің төртінші тоқсанында ПҚИ-дың 67 % үлесіне иелік ететін Chinese National Petroleum Corporation Exploration and Development Limited компаниясы ПҚИ-дың жарғылық қорына 2005 жылы Лукойл Оверсиз Құмкөл Б.В. (бұдан әрі – Лукойл) компаниясының ТП акцияларының 50 %-ын сатып алуға басымдықты құқықты пайдалануға қатысты даудың шешілуіне байланысты, ПҚИ-дың Лукойл алдындағы міндеттерін орындауға тартылған займдарды өтеу үшін 441 млн. АҚШ долларын салды. ПҚИ-дың Лукойл пайдасына өтемақы төлеуі ҚМГ БӨ-ге қандай да бір қаржылық шығын әкелген жоқ. Одан бөлек, иелік ету құрылымы да өзгеріссіз қалды. Осы операцияның нәтижесінде ҚМГ БӨ 21,5 млрд. (146 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде кірісті есептеді.

2010 жылдың желтоқсанында ПҚИ-дегі үлесті сатып алғаннан бері Компания алған дивидендтердің жалпы сомасы 46,7 млрд. теңге (317 млн. АҚШ долларын) құрады, оның 80 % мәміленің шарттарына сәйкес ҚМГ ПҚИ Қаржы БВ компаниясының қарызын өтеуге арналған.

CCEL

Компания 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өзінің балансында 20,4 млрд. теңгені (138 млн. АҚШ доллары) қытайлық CITIC Group компаниясымен бірлесіп бақылайтын кәсіпорын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2010 жылы ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кірістің бір бөлігін білдіретін 3,1 млрд. теңге (21 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді.

«НБК» ЖШС

«НБК» ЖШС-нің (бұдан әрі – НБК) ҚМГ БӨ-нің топтастырылған өндіру көлеміндегі үлесі 2010 жылы 258 тонна мұнайды құрады. НБК барлау келісімшарты 2010 жылдың қыркүйегінен 2012 жылдың қыркүйегіне дейін ұзартылды.

«СапабарлауСервис» ЖШС

«СапабарлауСервис» ЖШС барлау келісімшарты 2010 жылдың қарашасынан 2012 жылдың қарашасына дейін ұзартылды.

2011 жылға болжам

ҚМГ БӨ 2011 жылдағы «Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдарындағы өндіру жоспары 9 100 мың тонна (тәулігіне 183 мың баррель) мөлшерінде жоспарланып отыр, бұл 2010 жылы өндірілген көлемнен 4 %-ға артық. Алдын-ала мәліметтер бойынша, 2011 жылы топтастырылған өндіру көлемін бірлескен кәсіпорындардағы өндіру көлемін қосқанда, 2 %-ға 13,5 млн. тоннаға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

2011 жылы ҚМГ БӨ негізгі кенорындарынан ішкі нарыққа жоспарлы жеткізу 1,9 млн. тонна (тәулігіне 38 мың баррель) деңгейінде сақталады.

Компания 2011 жылға арналған бюджетті мұнай барреліне 65 АҚШ доллары бағасы деңгейінде қалыптастыруда, бұл ҚР Үкіметінің макроэкономикалық болжамына және ҚазМұнайГаз Ұлттық компаниясының бюджеттеу үшін қолданылып жүрген болжамды мұнай бағасына сәйкес келеді.

2011 жылы Компания күрделі салымдар шығындарын 106,4 млрд. теңге (709 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде жоспарлап отыр, өсім 2010 жылдағы күрделі салымдармен салыстырғанда 23%-ды құрайды. Бұл мұнай өндіру деңгейін тұрақтандыру үшін ұңғымаларды бұрғылау бағдарламасының ұлғаюына, «Сапабарлау Сервис» ЖШС игеріп жатқан «Жарқамыс Шығыс-1» кенорнында тұзасты ұңғыманы бұрғылауды қосқанда, барлау бұрғылау шығындарының артуына және ілеспе мұнайгазын кәдеге жарату бағдарламасының жүзеге асуына байланысты болмақ.

2010 жылдың топтастырылған қаржылық есебі, оның ескертпелері, сондай-ақ қаржылық жағдайға талдау мен қаржы-экономикалық қызметтің нәтижелері Компанияның Интернет-сайтында (www.kmgep.kz) жарияланатын болады.

ҚОСЫМША

2010 жылдағы ҚМГ БӨ негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері⁴

Жиынтық кірістер туралы топтастырылған есеп

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда аяқталған жылда		
	Еск	2010	2009
Кірістер		609 242 398	485 493 479
Операциялық кірістер		(422 493 059)	(330 605 629)
Операциялық пайда		186 749 339	154 887 850
Қаржылық кіріс		38 039 785	46 758 905
Қаржыландыру шығындары		(7 495 555)	(3 241 289)
Бағамдық айырмашылықтан түскен кіріс		(3 459 449)	89 534 814
Басқа да кірістер		21 471 195	–
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың		56 641 838	(2 467 551)
Салық салғанға дейін пайда		291 947 153	285 472 729
Табыс салығы бойынша шығындар		(57 445 263)	(75 745 829)
Жылдағы пайда		234 501 890	209 726 900
Шетелдік операцияларды қайта есептегендегі бағамдық айырмашылық		(560 821)	13 013 592
Салықты шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық (шығын)/кіріс		(560 821)	13 013 592
Салықты шегергендегі кезеңдегі жиынтық кірістер жиыны		233 941 069	222 740 492
БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА			
Базалық және молайтылған		3.23	2.87

⁴ Қосымшаға енгізілген қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде жекелеген сандар дөңгелектендірілді. Соның нәтижесінде кейбір кестелердің «жиыны» деген бағанындағы сандар олардың алдындағы сандарды қосудың нәтижесімен сәйкес келмеуі мүмкін

Қаржылық жағдай туралы топтастырылған есеп

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда	
	ескерту	2010
АКТИВТЕР		
Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	297 508 553	255 993 908
Материалдық емес активтер	15 185 859	4 022 140
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	96 737 910	122 424 309
қауымдасқан компанияларға инвестициялар	139 952 442	131 723 609
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	19 153 089	20 268 928
Басқа да қаржылық активтер	221 825 818	797 931
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	8 408 967	10 265 537
Басқа активтер	13 858 297	7 291 870
Ұзақмерзімді активтер жиыны	812 630 935	552 788 232
Ағымдағы активтер		
Тауар-материалдық қорлар		
Салықтар мен ҚҚС өтеуге алдын-ала төлем	18 779 936	15 525 704
Алдағы кезеңдердің шығындары	26 529 298	9 969 965
Сауда және басқа да дебиторлық қарыз	27 815 083	21 595 622
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	65 529 767	49 710 916
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарызы	1 203 834	1 082 100
Басқа да қаржылық активтер	377 800 956	534 288 078
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	98 519 680	107 626 368
Ағымдағы активтердің жиыны	616 178 554	739 798 753
Активтер жиыны	1 428 809 489	1 292 586 985
КАПИТАЛ		
Жарғылық капитал	214 081 197	238 546 914
Басқа резервтер	1 739 901	1 474 089
Бөлінбеген пайда	931 455 065	747 820 751
Басқа капитал құрамы	12 376 574	12 937 395
Капитал жиыны	1 159 652 737	1 000 779 149
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Ұзақмерзімді міндеттемелер		
Займдар	62 286 045	92 023 143
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	1 829 852	–
Резервтер	35 625 247	35 319 443
Ұзақмерзімді міндеттемелер жиыны	99 741 144	127 342 586
Ағымдағы міндеттемелер		
Займдар	60 194 818	45 650 017
Төленетін табыс салығы	–	21 138 596
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық	46 054 359	36 177 299
Сауда және басқа кредиторлық қарыз	47 304 799	34 402 259
Резервтер	15 861 632	27 097 079
Ағымдағы міндеттемелер жиыны	169 415 608	164 465 250
Міндеттемелер жиыны	269 156 752	291 807 836
Міндеттемелер мен капитал жиыны	1 428 809 489	1 292 586 985

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы топтастырылған есеп

Мың теңгеде

	31 желтоқсанда аяқталған жылыда		
	ескерту	2010	2009
Операциялық қызметтен ақша ағындары			
Салық салғанға дейінгі пайда		291 947 153	285 472 729
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзету			
Тозу, ескіру және амортизация		35 486 128	31 155 359
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың нәтижелеріндегі үлес		(21 471 195)	–
Экспорт алдында қаржыландыру туралы келісімдердің шарттары бойынша шикі мұнай жеткізу		(56 641 838)	2 467 551
Негізгі құралдарды шығарудан шығындар		–	(10 830 585)
Негізгі құралдардың құнсыздануы(құнсыздануын сторнирлеу)		2 200 613	2 547 437
Опциондық бағдарламалар бойынша шығындарды тану		16 194	(590 558)
Үлестік құралдарды алу		1 103 615	–
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың инвестицияларының құсыздануы		309 987	248 106
Күмәнді қарыздар бойынша резервтер есептеу (сторнирлеу)		(49 809)	(164 690)
Бағамдық айырмашылықтан түскен жүзеге аспаған кіріс		(73 832)	(7 993 206)
Басқа да ақшалай емес шығындар		916 338	2 673 712
Плюс қаржыландыру шығындары		7 495 555	3 241 289
Минус инвестициялық қызметке жататын қаржылық кіріс		(38 039 785)	(46 758 905)
Айналымдағы капиталды түзету			
Өзге активтердегі өзгеріс		630 450	(4 352 007)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс		(3 463 525)	(1 282 335)
Өтелетін салықтар мен ҚҚС бойынша алдын-ала төлемдегі өзгеріс		(11 312 224)	(2 818 233)
Алдағы кезеңдердің шығындарындағы өзгеріс		(6 351 679)	(13 762 247)
Сауда және өзге де дебиторлық қарыздағы өзгеріс		(18 377 144)	(9 697 855)
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгеріс		10 918 152	(6 558 436)
Сауда және өзге де кредиторлық қарыздардағы өзгеріс		9 877 060	36 177 299
Резервтегі өзгеріс		3 500 215	5 670 976
Төленген табыс салығы		(92 926 111)	(115 686 180)
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза ағындары		115 694 318	149 159 221
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(86 679 884)	(42 844 814)
Негізгі құралдарды сатудан түсім		139 497	1 221 183
Материалдық емес активтерді сатып алу		(1 572 033)	(497 033)
Бірлескен кәсіпорындардың капиталына жарна		–	(3 043 907)
Алынған құралдарды алып тастағанда еншілес ұйымды сатып алу		94 458 518	3 768 250
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер		(221 543 183)	–
Қаржы активтерін сатып алу (сату), нетто		7 691 113	–
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржы активтерін сату		146 680 715	(242 838 804)
Сату үшін қолда бар қаржы активтерін сату, нетто		3 959 137	5 028 216
Байланысқан тараптардан алынған займдарды өтеу		(8 614 935)	459 646
Алынған сыйақылар		33 988 614	26 046 200
Инвестициялық қызметтен алынған пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағындары		(31 492 441)	(252 701 063)
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Өзіндік акцияларды сатып алу		(24 531 975)	(21 392 129)
Займдарды өтеу		(14 614 702)	(6 352 778)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер		(48 235 969)	(46 108 343)
Төленген сыйақылар		(5 852 024)	(109 083)
Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағындары		(93 234 670)	(73 962 333)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларындағы таза өзгеріс		(9 032 793)	(177 504 175)
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары		107 626 368	285 131 743
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша жағымсыз бағамдық айырмашылық		(73 895)	(1 200)
Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары		98 519 680	107 626 368

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған 2010 және 2009 жылдардағы көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай және мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

	2010			
	ӨАС	КҚК	Ішкі	Жиыны
		(АҚШ долл/барр)		
Жарияланатын нарықтық баға ⁵	79,18	79,18	-	-
Сату бағасы	75,35	78,70	21,43	65,50
Сапа банкі	-	-6,98	-	-2,06
Баррель коэффициенті бойынша сыйақы	-0,18	6,09	-	1,41
Сату бағасы⁶	75,17	77,81	21,43	64,85
Ренталық салық	13,82	13,97	-	11,01
Көліктік шығындар	7,32	7,62	1,58	6,20
Сатулар бойынша комиссия	0,07	0,07	-	0,06
Нетбэк	53,96	56,15	19,85	47,58

	2009			
	ӨАС	КҚК	Ішкі	Жиыны
		(АҚШ долл/барр)		
Жарияланатын нарықтық баға ⁷	60,71	61,02	-	-
Сату бағасы	59,26	58,32	17,65	50,06
Сапа банкі	-	-5,68	-	-1,28
Баррель коэффициенті бойынша сыйақы	0,09	4,93	-	0,99
Сату бағасы⁸	59,35	57,57	17,65	49,77
Ренталық салық	7,94	7,29	-	6,05
Көліктік шығындар	7,32	7,15	1,30	5,96
Сатулар бойынша комиссия	0,06	0,06	-	0,05
Нетбэк	44,03	43,07	16,35	37,71

Анықтамалық ақпарат	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
	2010	2009
Орташа бағам US\$/ KZT	147,35	147,50
Балансты құру мерзіміндегі US\$/KZT бағамы	147,40	148,36

ҚМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті	7,36
Қазгермұнай үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті	7,7
ССЕЛ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті	6,68
ПКИ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті	7,747

⁵ Нарықтық баға ретінде келесі котировкалар қолданылды: 2010 жылдың 4 тоқсаны мен 12 айы ӨАС құбыр желісі бойынша Urals (FOB Одесса) және КҚК құбыр желісі бойынша Смесь КТК (FOB Новороссийск); 2009 жылдың I жартыжылдығы үшін ӨАС құбыр желісі бойынша Urals NOVO 80KT және КҚК құбыр желісі бойынша CPC FOB 80kt; 2 жартыжылдық үшін - Brent (DTD).

⁶ Қаржылық есептілік үшін баға бір тонна үшін 7,23 баррель коэффициенті бойынша алынды

АНЫҚТАМА

ҚМГ БӨ мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») «ПетроҚазақстан Инк.» және «НБК» ЖШС компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2010 жылы 13,3 млн. тоннаны (тәулігіне 270 мың баррель) құрады. Компанияның жай және артықшылықты акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2010 жылдың шілдесінде халықаралық Standard & Poor's агенттігі Компанияның несиелік рейтингін «BB+» деңгейінде, ал 2010 жылдың қарашасында «ГАММА-б» корпоративтік басқару рейтингін растады.

Байланыстық ақпарат:

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 7600)
Дәулет Жұмаділ
e-mail: pr@kmgep.kz

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)
Әсел Қалиева
e-mail: ir@kmgep.kz

Pelham Bell Pottinger (+44 207 861 3147)
Елена Добсон
e-mail: edobson@pelhambellpottinger.co.uk

Болашаққа қатысты мәлімдеме

Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайаттарға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасамайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.